

Жамбыл облысы әкімдігінің
қаржы басқармасының 10.2009 ж. № 142
бұйрығымен бекітілді.
Н. Календин



Утвержден приказом
управления финансов
акимата Жамбылской области




«Таразэнергоорталық»

акционерлік қоғамының

Жарғысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ АҚІМДІГІ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
2009 ж. 22 қазан
жарғыға 2004 ж. 26 11
БСН 041140005608
СІНІ МІЛДІГЕН ӘС ҚИНАТЕР МЕН
ТІЗІМДІГІ
№8994-1919-А0



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ АҚІМДІГІ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
2004 ж. 26 қараша
ЗАНЫ ТҮТІЛГЕН
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІМ
2004 ж. 26 11 қыркүйек
БСН 041140005608
№8994-1919-А0

Устав

акционерного общества

«Таразэнергоцентр»

«Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының Жарғысы

1. Акционерлік қоғамның атауы

1.1. Акционерлік қоғамның атауы:

мемлекеттік тілде: толық: «ТАРАЗЭНЕРГООРТАЛЫҚ» акционерлік қоғамы;
қысқартылған атауы - «ТЭО» АҚ.
орыс тілінде: толық атауы - Акционерное общество «ТАРАЗЭНЕРГОЦЕНТР»;
қысқартылған: АО «ТЭЦ».

1.2. АҚ атқарушы органының орналасқан орны: пошталық индексі 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Сыпатай батыр көшесі, 8 үй.

1.3. Қызмет мерзімі – шектелмеген.

2. Қоғамның заңды статусы

2.1. «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамы, әрі қарай Қоғам, Жамбыл облысы әкімиятының 27.08.2004 ж. № 225 Қаулысының негізінде «Жамбылэнергокомбинаты» ашық акционерлік қоғамынан бөлініп шығу жолымен құрылған.

Қоғам бөліну балансы бөлігінде «Жамбылэнергокомбинаты» ААҚ (мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің № 2135-1919- АҚ Жамбыл облысы әділет Департаментімен 02.12.1996 ж. берілген) барлық, соның ішінде даулы құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

2.2. «ТАРАЗЭНЕРГООРТАЛЫҚ» акционерлік қоғамы (мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің № 8994-1919-АҚ, Жамбыл облыстық әділет Департаментімен 21.11.2004 ж. берілген) өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне, орналасқан жерінің өзгеруіне және редакциялық өзгерістерге байланысты, Жарғының жаңа басылымын тіркейді.

2.3. Қоғам заңды тұлға болып табылады, ұйымдық-құқықтық формасы – акционерлік қоғам, өз әрекетін Қазақстан Республикасының заңнамаларының және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

2.4. Қоғамның қаржылық және өндірістік әрекеті шаруашылық еркіндік негізінде жүзеге асырылады.

2.5. Қоғамның дербес балансы, мемлекеттік және орыс тіліндерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, банкілік шоттары бар.

2.6. Үлгілерін Қоғамның Төрағасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін тауарлық белгісі мен символикасы, сондай-ақ сертификаттау жұмыстарын куәлендіруге арналған арнайы мөрлері, фирмалық бланкілері және басқа да дербестендіру құралдары болады.

2.7. Мемлекеттік тіл және орыс тілі Қоғамның ресми тілдері болып табылады. Мемлекеттік тіл және орыс тілі жұмыс істеу тілдері болып табылады.

2.8. Қоғам Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

3. Қоғамның құрылтай құжаттары.

3.1. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

3.2. Барлық қызығушы тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамның Жарғысымен таныса алады.

4. Қоғам қызметінің пәні мен мақсаттары.

4.1. Қоғамды құрудың және қызметінің негізгі мақсаты таза табыс табу, оны Акционер мүддесінде пайдалану, өндірісті дамыту, Қоғам қызметкерлерінің әлеуметтік мәселесін шешу.

4.2. Қоғам қызметінің негізгі пәні:

- 1) электр және жылу энергиясын өндіру, табыстау және өткізу;

- 2) электр энергиясын сатып алу және қайта сату;
 - 3) электр станцияларын пайдалану;
 - 4) қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, сауыттарды, құбырларды жөндеу және пайдалану, жарылыстан қорғалған электротехникалық құралдарды жөндеу.
- 4.3. Қызметті жүзеге асыру үшін лицензия қажет болған жағдайларда Қоғам ондай қызмет түрін сәйкес лицензиямен ғана жүзеге асыра алады.

5. Қоғамның құрылтайшылары

5.1. Қоғамның құрылтайшысы «Жамбыл облысы әкімиятының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекеме, әрі қарай «Акционер», болып табылады.

6. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

- 6.1. Қоғам, осы типті ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтардың барлығын пайдалана алады.
- 6.2. Қоғамның оқшауланған мүлкі бар, тек Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес қана төлеттіріп алуға жұмсалуды мүмкін өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтереді.
- 6.3. Қоғам өзінің атынан мәмілері (шарттар, келісім-шарттар, соның ішінде материалдық құндылықтарды жалға алу және сату-сатып алу бойынша экспорттық және/немесе/ импорттық мәмілелер) жасай алады, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және міндеттеме қабылдай алады, сотта талапкер немесе жауапкер болып бой көрсете алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы емес басқа әрекет жасай алады.
- 6.4. Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасына сәйкес қоғам сенімхат беру құқығына ие болады.
- 6.5. Қоғам қорғаныс құжаттарын, технологияларды, «НОУ-ХАУ» және зияткердік меншік пен басқа ақпараттар объектілерін игеруге және пайдалануға, сатып алуға құқығы бар.
- 6.6. Қоғам республикада және шетелде филиалдар мен өкілдіктер аша алады, өзінің мүлкі есебінен оларға негізгі және айналымдағы қор үлесін бере алады және олардың қызметінің тәртібін белгілейді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі Қоғамның балансында есепте тұрады.
- 6.7. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне Қоғам тағайындаған адамдар басшылық жасайды. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғамнан алған бас сенімхаттардың негізінде әрекет етеді.
- 6.8. Филиалдардың немесе өкілдіктердің шаруашылық, қаржылық және өзге қызметіне, белгіленген тәртіппен ревизиялар мен тексерулер жүргізе алады.

Қоғам құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында да, шетелдерде де өз құзыретінің шегінде, шетелдік заңды және жеке тұлғалармен мәмілелер, келісім-шарттар, келсімдер және өзге де заңдық актілер жасауға.
- 2) Белгіленген тәртіппен және заңнамада көзделген жағдайларда өзінің қызметін іске асыру үшін, Қоғам жүзеге асыратын қызметтің барлық түрлері үшін қажет жылжымалы немесе жылжымайтын, материалдық немесе материалдық емес мүлікті, оған қоса жерді, ғимаратты, құрылысты және құрал-жабдықты сатып алып меншігінде ұстауға, жалға беруге және жалға алуға, жөндеуге, құрылысын жобалауға, қайта жабдықтауға және/немесе сатуға, көпірге беруге немесе өзге амалмен басқаруға.
- 3) Салық есебін беру, мүлік бағалау және кіріс пен шығыстың есебін жүргізу мақсаттары үшін бухгалтерлік есептің жалпыға бірдей қағидаларына сәйкес талап етілетін және қажетті бухгалтерлік есептің кітабы мен есеп құжаттамасын жүргізуге.
- 4) Қоғамның жарғылық қызметін жүзеге асыруға, келісім-шарттардың жасалуына және орындалуына байланысты қызметтер көрсету үшін шетелдік фирмаларды қатыстыруға.
- 5) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес сенімхаттар беруге.
- 6) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында белгіленген жағдайларда несиелер, облигациялық қарыздар алуға.

7) Қоғамның директорлар Кеңесінің келісімімен ерікті негізді Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде меншіктің барлық нысанындағы ұйымдар мен бірлестіктерге өтуге, Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде ұйымдардың қатысушысы ретінде бой көрсетуге.

8) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында немесе шетелдерде орналасқан банктерде шоттың барлық түрлерін ашу және жүргізуге.

9) Қоғамның алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған бағдарламаларды қаржыландырудың схемаларын әзірлеу және іске асыруға.

10) Акцияларды, үлестерді немесе Қоғам қызметінің түрлерін немесе оларға сәйкес қызметтерді жүзеге асыру үшін қажетті заңды тұлғалар мен қауымдастықтардың мүлкіне өзге құқықтарын сатып алуға, меншікке иеленуге, жалға беруге, сондай-ақ сағуға немесе басқаша басқаруға.

11) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын ескеріп, тапсырыс берушілермен келісім-шарттар бойынша өзінің өнімі мен көрсететін қызметтеріне ұлттық және/немесе/ шетелдік валютамен бағаны дербес белгілеуге және көрсетілетін қызметтерді жеткізудің және қызмет көрсетудің шарттарын дербес келісуге.

12) өзінің атынан немесе Қоғамның атынан әрекет жасайтын үшінші тараптармен келісім-шарттар жасау арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде қызметтерін жүзеге асыратын кез-келген басқа заңды тұлғалармен бірлесіп осы бапта көзделген құқықтарды жүзеге асыруға.

13) Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік валюта сатып алуға.

14) Материалдық құндылықтарды, тауарларды және /немесе/ көрсетілетін қызметтерді саудалау-сатып алу және жалға алу бойынша экспорттық және/немесе/ импорттық мәмілелер жасауға.

15) Қазақстан Республикасының аумағында немесе шетелдерде заңды және жеке тұлғалармен, сондай-ақ мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен хат жазысуға және байланыс орнатуға және Қоғамның Барлық объектілерінде өзінің коммуникациялық құрал-жабдықтарын орнатуға.

16) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес барлық басқа құқықтарды сатып алуға, жүзеге асыруға немесе беруге, заңды тұлғаның барлық міндеттемелерін атқаруға және тиісті міндеттерін орындауға.

17) Осы бапта көзделген құқықтарды жүзеге асыру үшін өзінің және/немесе/ қарызға алған қаржыны немесе несиені пайдалануға.

18) Заңнамада белгіленген жағдайларда кепілзаттарды, кепілді және басқа қаржылық міндеттемелерді қабылдау және беруге.

19) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында осы типтес заңды тұлғаларға арнап көзделген өзге құқықтардың барлығын иемденуге құқылыға.

6.9. Қоғам, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, акционердің оған жүктеген қызметтерін жүзеге асыруға міндетті.

6.10. Қоғам өз акционерінің міндеттемелеріне жауапкершілік алмайды. Акционер де Қоғам міндеттемелеріне жауап бермейді және, Қазақстан Республикасының заңнамалық актісімен қарастырылған кейбір жағдайлардан басқа, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде, Қоғам қызметімен байланысты, шығын тәуекеліне барады.

6.11. Қоғам мемлекет міндеттеріне, сол сияқты мемлекет Қоғам міндеттеріне жауап бермейді.

7. Қоғам акционерінің құқықтары мен міндеттері.

7.1. Акционер құқылы:

- 1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға.
- 2) Осы Жарғымен және Акционердің шешімімен анықталған тәртіпте дивидендтер алуға;

- 3) Осы Жарғы белгілеген тәртіпте, Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, сонымен қатар, Қоғамның қаржылық есеп беруімен танысуға;
- 4) Тіркеушіден немесе нақты ұстаушыдан, бағалы қағаздарға оның құқығын растайтын көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның директорлар Кеңесін сайлауға және бекітуге;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
- 7) Қоғамның қызметі туралы оған жазбаша сұрау салып өтініш беруге және сұраудың Қоғамға келіп түскен күнінен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің құқығы бар;
- 9) Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 10) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитын жүргізуді талап етуге құқығы бар.

Қоғам акционері Қазақстан Республикасының Заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.

7.2. Акционер міндетті:

- 1) Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіпте акцияларды төлеуге;
- 2) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де купия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 3) Осы акционерлерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға қоғамның акция ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
- 4) Қоғам акцияларын сату жөнінде мәміле жасау туралы хабарлауға міндетті.

7.3. Қоғам акцияларын тіркеуші осы Жарғының 7.2. тармақшасында көрсетілген акционер талабының орындалмау салдарына жауапкершілік алмайды.

8. Қоғамның жарғылық капиталы мен мүлігі.

8.1. Жарғылық капиталдың көлемі 570 632 136 (бес жүз жетпіс миллион алты жүз отыз екі мың жүз отыз алты) теңге.

8.2. Қоғамның жарғылық капиталы 114 126 (жүз он төрт мың жүз жиырма алты) данаға бөлінген, жарияланған жай акциялар, әрқайсысының номиналдық құны 5 000 (бес мың) теңге. Қоғам шығаруға жарияланған акциялардың барлығын немесе белгілі бір бөлігін шығаруға және орналастыруға құқылы, бірақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген қоғам жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін төлеуге қажет көлемнен кем болмауы керек.

8.3. Шығарылатын акциялардың саны, оларды шығарудың мерзімдері мен шарттары, шығарылуы, жарияланған акциялардың Акционер белгілеген санының шегінде, Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Жарияланған жарғылық капиталды ұлғайтуға, шығарылуы жарияланған акциялардың барлығы орналастырылғаннан кейін және ақы төленгеннен кейін ғана, егер Қазақстан Республикасының Заңнамасында басқаша белгіленбесе, Акционер шешімімен рұқсат беріледі.

8.4. Жарияланған акциялардың саны шегінде акциялардың эмиссиясы туралы шешімді Қоғамның директорлар Кеңесі қабылдайды. Шешімде шығарылатын акциялардың әрбір түрінің және олардың санаттарының саны, сондай-ақ оларды орналастырудың мерзімдері белгіленуі тиіс.

8.5. Қоғамның акцияларын орналастыруға, акциялардың осы эмиссиясына уәкілетті орган берген ұлттық идентификациялық нөмір болғанда ғана рұқсат беріледі.

9. Қоғамның резервтік капиталы

9.1. Қоғам шаруашылық қызметін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу үшін, жыл сайын ақша аудару арқылы таза кірістен резервтік капитал қалыптастырады. Жыл сайын ақша аударудың көлемін Қоғам акционерлері белгілейді.

9.2. Резервтік капитал акционер белгілеген көлемде қалыптасады.

9.3. Егер кез келген төлемдер, төлеудің нәтижесінде Қоғамның резервтік капиталы акционер белгілеген мөлшерден аз болса, Қоғам, резервтік капиталды көрсетілген көлемге

жеткізу үшін, қайтадан ақша аударуы тиіс.

10. Қоғамның бағалы қағаздары

10.1. Қоғам тек қарапайым акцияларды ғана шығарады. Қарапайым акция қозғалысы, Қоғам тіркеушісі жүргізетін құнды қатаз ұстаушылар тізілімінде жазылады. Оған акциялардың сатып алынған уақыты, акциялардың саны туралы, сондай-ақ қолданылып жүрген заңнамада көзделген өзге мәліметтер енгізіледі.

10.2. Қоғам сатып алған меншікті акциялар туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіміне міндетті түрде енгізуге жатады.

10.3. Қоғам өзінің шаруашылық қызметіне байланысты шығындарды өтеу үшін акциялар шығаруға құқылы емес.

10.4. Акция ұстаушылар тізілімінен көшірмелер, қол қойылған және толық ақы төленген акцияларға акционердің құқылы екендігін растайтын, құжаттар болып табылады.

10.5. Қоғам өзі шығарған акцияны тек «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

10.6. Қоғам акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе тыйым салуға болмайды.

10.7. Акциялар мен облигацияларды шығарудың, орнын ауыстырудың және есебін жүргізудің заңнама реттемеген мәселелерін оларды шығару туралы шешім қабылдау кезінде, Қоғам акционері, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, анықтайды.

10.8. Қоғам акциясының шығуы құжатсыз нысанда жүзеге асады.

11. Қоғамның қаржыландырылуы мен кірісі

11.1. Қоғамның шаруашылық қызметі нәтижесінде алынатын кіріс, салықтар және басқа да бюджеттік төлемдер төленгеннен кейін, қолданыстағы заңнама бойынша, акционер анықтаған тәртіпте пайдаланылады.

11.2. Қоғам акционеріне дивидендтер жыл сайын төленеді. Жылдық қорытынды бойынша, дивидендтер төлемі туралы шешімді Қоғам акционері қабылдайды. Дивидендтер, төлем туралы шешім қабылданған сәттен бастап, отыз күннен кешіктірілмей, төленеді.

11.3. Дивидендтер төлемі, ол туралы шешімді Қоғам акционері қабылдаған жағдайда, ақшалай, сондай-ақ құнды қағаздармен жүргізіледі. Бір акцияға есептелген дивидендтер көлемін Қоғам акционері белгілейді.

Дивидендтер тек төленген акцияларға ғана есептеледі.

11.4. Қоғамның залалдары резервтік капитал есебінен өтеледі, ал резервтік капитал жетіспеген жағдайда – Қоғамда бар басқа қорлардың есебінен, ал ол қорлар жетіспеген жағдайда – Қоғам мүлкін сату есебінен өтеледі.

12. Қоғамның есебі және есеп беруі

12.1. Қоғамның бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржы есептілігін құрастыру тәртібі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті және бухгалтерлік есеп стандарттары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

12.2. Қоғамның қаржылық есебіне, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына сәйкес, Қоғамның бухгалтерлік балансы, кірістер мен шығыстар есебі, ақшаның жылжу есебі және басқа да есептер кіреді.

Қоғамның қаржылық есеп беруі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ұсынылады.

Қоғамның жылдық есеп беруі, Қоғамның директорлар Кеңесі алдын ала бекіткеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп пен мерзімде, Қоғам акционерінің бекітуіне жіберіледі.

12.3. Қоғамның жылдық қаржылық есебі, акционердің шешімімен түпкілікті бекітіледі.

12.4. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жылмен тура келеді.

12.5. Қоғам жыл сайын есеп берілетін тоқсаннан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей,

акционерге өзінің қызметі туралы есеп беріп отырады.

12. 6. Қоғам жылдық қаржылық есеп берудің аудитын жүргізуге міндетті.

13. Қоғамның органдары

13. 1. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Акционер;
- 2) басқару органы – директорлар Кеңесі;
- 3) атқару органы – Президент;
- 4) бақылау органы – Тексеру комиссиясы.

14. Қоғам Акционері

14. 1. Акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) директорлар Кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 6) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 7) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 8) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 9) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомалдағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 11) Қоғамның ірі мәмілелер жасасу және жасалуына қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешімдерін бекіту;
- 12) Қоғам міндеттемелерін оның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомаға көбейту туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;
- 14) акционер карауына жататын, дата мен күн тәртібін бекіту;
- 15) егер Қоғам Жарғысында белгіленбесе, акционерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;
- 16) ҚР «Акционерлер қоғамы туралы» Заңымен, Қоғам акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған шешім қабылдаудың кейбір мәселелер.

14. 2. Қоғам Акционерінің шешімдері бұйрық түрінде рәсімделеді.

15. Қоғамның директорлар Кеңесі

15. 1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңында және қоғамның жарғысында акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді

қолда, директорлар Кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

15. 2. Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік

қоғамдар туралы» Заңымен және осы Жарғыда анықталған тәртіппен, Акционер бекітеді

15. 3. Директорлар Кеңесінің бұрын бекітілген мүшелері уәкілеттігін мерзімінен бұрын

тоқтатылған жағдайда, Акционер қайта бекітеді. Директорлар Кеңесі мүшелерінің

уәкілеттік мерзімі-3 (үш) жыл.

15. 4. Директорлар Кеңесі мүшелерінің сандық құрамын Акционер анықтайды, олардың

арасынан мүшелердің жалпы санынан жасырын көпшілік дауыспен Директорлар кеңесінің төрағасы сайланады. Директорлар Кеңесінің төрағасы директорлар Кеңесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, Қоғамның директорлар Кеңесін шақырады және төрағалық етеді, директорлар Кеңесі отырысында хаттамалар жүргізу үшін хатшы тағайындайды.

Егер директорлар Кеңесінің жұмысына оның мүшелерінің 2/3 қатысса, ол шешім қабылдауға құқылы. Директорлар Кеңесінің шешімі қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Директорлар Кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесінің бір мүшесі жүзеге асырады.

15.4. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) акционердің құзыретіне кіретін мәселелерді алдын ала талқылау және оның қарауына жіберу;
- 3) қоғамның акцияларын орналастыру және олардың жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 5) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және есепті қаржы жылы үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға төленетін дивидендтің мөлшерін айқындау туралы алдынала шешімдер қабылдау;
- 7) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- 8) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 10) тексеру комиссиясының жұмыс тәртібін, тексеру комиссиясы еңбекақысын және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 11) бағалаушы мен аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтерге төленетін ақының мөлшерін айқындау;
- 12) қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін белгілеу;
- 13) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды);
- 14) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) қоғамның басқа ұйымдарды құруы және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 16) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызға болатын шамаға көбейту;
- 17) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 18) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия қызметі табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 19) ішкі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Қоғамның негізінде көзделген, акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелері осы Жарғыда көзделген міндеттерді орындағандықтан, Қоғам акционерінің шешімі негізінде кез-келген уақытта қызметтен босатылуы мүмкін.

Директорлар Кеңесінің отырыстары, директорлар Кеңесі Төрағасының және атқарушы органның бастамасымен, директорлар Кеңесінің кез-келген мүшесінің, атқарушы органның мүшелерінің, немесе аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғам

акционерінің талабы бойынша шақырылады.

16. Қоғам Президенті

16. 1. Президент, акционер мен директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін мәселелерден басқа Қоғамның ағымдағы барлық мәселелерін шешетін атқарушы органы болып табылады. Қоғам Президентін үш жыл мерзімге тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттігін шұғыл түрде тоқтату, директорлар Кеңесімен жүзеге асырылады.

16. 2. Қоғам Президентінің құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Қоғамның мақсаттарына жетуге бағытталған шешімдер қабылдау;
- 2) Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін анықтау;
- 3) Қоғам акционерлерінің қызметін ұйымдастыру мақсатында (ереже, нұсқаулар және т. б.) ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- 4) қаржылық жиынтық жоспарды әзірлеу және оның орындалуын бақылау;
- 5) тауарлық белгісі, қызмет көрсету белгісі және қоғам рәмізінің үлгісін бекіту;
- 6) қоғамның штаттық кестесін бекіту;
- 7) ішкі экономикалық қызметті жүзеге асыру;
- 8) Қоғам қызметінің, Қоғам акционерінің немесе директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылғаннан басқа барлық мәселелерін шешу.

16. 3. Президент Қоғамның бірінші басшысы саналады және қоғам қызметін бақылауды жүзеге асырады.

Қоғам Президенті мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Акционер мен директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастыру;
- 2) үшінші жақтармен қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;
- 3) Қоғамға ұсынуға құқылы сенімхат беру;
- 4) Қоғамның акционері немесе директорлар Кеңесі құзыретіне жатпайтын Қоғам бұйрықтары мен өкімдерін шығарады, қызметтің барлық мәселелері бойынша тапсырма береді;
- 5) Статистикалық есеп беруді қалыптастыру;
- 6) Қоғам қызметкерлерін (атқарушы органның мүшелері болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы орган мен Қоғамның Тексеру комиссиясы құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыда анықталған тәртіпте Қоғам мүліктері мен қаражатты басқару;
- 8) Қоғам органдарымен қатынаста әрекет жасайды, соның ішінде, Қоғам директорлары Кеңесін шақырады;
- 9) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және осы Жарғыға сәйкес, тек осы органдардың құзыретіне кіретін мәселелерден басқа, Қоғам Акционері немесе директорлар Кеңесі берген кейбір уәкілеттікті жүзеге асырады.

Еншіліс кәсіпорындар мен филиалдар қаражатты мақсаттан тыс пайдаланған жағдайда Қоғам Президенті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті аумақтақ бөлімшенің басшысына тәртіптік жаза қолдануға құқылы.

16. 4. Қоғам Президенті болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адам, оның функциясын атқарады.

17. Тексеру комиссиясы

17.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды Қоғамның директорлар Кеңесі белгілеген мүшелерінің саны кемінде үшеу болатын директорлар Кеңесімен сайланатын Тексеру комиссиясы жүзеге асырады. Қоғам қызметіне қаржылық бақылауды жүзеге асыру

тәртібі Қоғамның директорлар Кеңесімен белгіленеді. Тексеру комиссиясы, қажеттілік бойынша, құрылуы мүмкін.

Директорлар Кеңесі мүшелері Тексеру комиссиясының мүшесі болып сайлана алмайды.

17.2. Қоғамның Тексеру комиссиясы, Акционердің жылдық қаржылық есебін бекіту алдында, міндетті түрде тексеру жүргізеді.

17.3. Тексеру комиссия, өзінің тексеру нәтижесі туралы есебін, Қоғамның директорлар Кеңесіне ұсынады.

17.4. Қоғамның Тексеру комиссиясы мүшелері, Қоғам Акционерінің жылдық балансының және басқа қаржы есептері қорытындыларының қаралуына, қатыса алады.

17.5. Тексеру комиссиясы тікелей директорлар Кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

18. Қоғамның персоналы

18.1. Қоғам қолданыстағы заңнамамаңың талаптарын ескеріп өз қызметін кадрлық қамтамасыз етудің барлық мәселелерін шешеді, еңбек ұйымдастырудың, еңбек ақы төлеудің және еңбекті материалдық ынталандырудың нысандары мен әдістерін, тарифтік ставкалар кәсімді жалақылардың, қосымша ақылардың, сыйақылардың және қоғамның қызметкерлеріне төлемдер көлемінің барлық мәселелерін, жұмыс күні мен жұмыс аптасының ұзақтығын, жыл сайынғы ақылы және өзге демалыс беруді шешеді.

18.2. Қоғам қызметкерлерін әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

19. Қоғамды қайта ұйымдастыру

19.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, ажырату, қайта құру) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларға сәйкес жүзеге асады.

19.2. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрліп жүргізілуі мүмкін.

19.3. Мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

20. Қоғамды таратудың тәртібі

20.1. Қоғамды тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін, Қоғам Акционері бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын органға жазбаша хабар беруі тиіс, ол орган заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне Қоғамның тарату процесінде тұрғандығы туралы мәліметтерді жазады.

20.2. Акционер немесе Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған орган, тарату комиссиясын тағайындайды және таратудың тәртібін белгілейді.

Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Қоғамның мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттік беріледі. Тарату комиссиясы Қоғамның атынан сотта бой көрсетеді.

20.3. Тарату комиссиясы ресми баспасөз органдарында Қоғамның таратылуы туралы жарияланымды және оның кредиторларының шағым-талаптарын беруінің тәртібі мен мерзімін жазады. Бұл мерзім тарату туралы жарияланым жазылғаннан күннен бастап екі айдан кем болмауы тиіс. Тарату комиссиясы кредиторларды анықтау және қарыздарды алу шараларын қолданады.

20.4. Қоғамның кредиторлары шағым талаптарын беретін мерзім өткеннен кейін тарату комиссиясы Қоғам мүлкінің құрамы, кредиторлар берген шағымталартардың тізімі, сондай-ақ оларды қарауды нәтижесі туралы мәліметтер бар аралық тарату балансын жасайды.

Аралық тарату балансын мүлктің иесі немесе Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

20.5. Егер Қоғамда бар акша кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса тарату комиссиясы сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіптен Қоғамның мүлкін жария саудада сатуды жүзеге асырады.

белгіленген кезек тәртібімен, аралық тарату балансына сәйкес, ол бекітілген күннен бастап тарату комиссиясы жүзеге асырады.

20.7. Кредиторлармен есептесу аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы тарату балансын жасайды, оны мүліктің иесі немесе Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

20.8. Қоғамның кредиторларының талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік, таңнамаға сәйкес бөліну үшін, акционерге беріледі.

20.9 Заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне Қоғамның таратылуы туралы жазба жазылғаннан кейін Қоғам таратылуда деп, сондай-ақ жұмыс істеуін тоқтатты деп саналады.

21. Банкрот –Қоғамның қызметін тоқтату

21.1. Соттың Қоғамды банкрот деп тануы оны таратуға әкеп соғады.

21.2. Банкрот-Қоғамның қызметі заңды тұлғалардың мемлекеттік регистрінен оның шығарылған сәтінен бастап тоқтатылады деп саналады.

22. Қорытынды ережелер

22.1. Егер осы Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз деп табылса, бұл басқа ережелердің жарамдылығына әсерін тигізбейді. Жарамсыз ереже заң тұрғысынан рұқсат берілген басқа ережемен ауыстырылады.

22.2. Осы Жарғыға енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша рәсімделеді, уәкілетті адамдардың қолы қойылады және қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына беріледі және осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы шешімнің қадағалы екі мақсатта қолданылған
2012

Жамбыл облысы әкімдігінің
қаржы басқармасының бастығы

Н. Календеров

Календеров

Календеров

Сабитов

**Устав
акционерного общества «Таразэнергоцентр»**

1. Наименование акционерного общества

1. 1. Наименование Акционерного общества:

на государственном языке: .

полное: «Таразэнергоорталык» акционерлік қоғамы;

сокращенное наименование: «ТЭО» АҚ,

на русском языке:

полное: Акционерное общество «Таразэнергоцентр»;

сокращенное наименование: АО «ТЭЦ».

1. 2. Место нахождения исполнительного органа АО: почтовый индекс 080000, Республика Казахстан, Жамбылская область, город Тараз, улица Сыпатай батыра, дом 8.

1. 3. Срок деятельности - неограничен.

2. Юридический статус общества

2. 1. Акционерное общество «Таразэнергоцентр», в дальнейшем Общество, образовано на основании Постановления акимата Жамбылской области № 225 от 27.08.2004 г., путем выделения с открытого акционерного общества «Жамбылский энергокомбинат».

Общество является правопреемником всех прав и обязанностей, в том числе оспариваемых ОАО «Жамбылский энергокомбинат» (свидетельство о государственной регистрации №2135-1919-АО, выданное управлением юстиции Жамбылской области 02.12.1996 г.) в части разделительного баланса.

2. 2. Акционерное общество «Таразэнергоцентр» (свидетельство о государственной регистрации № 8994-1919-АО, выданное Департаментом юстиции Жамбылской области 26.11.2004 г.) регистрирует новую редакцию устава в связи с внесением изменений и дополнений, с редакционными изменениями и изменением местонахождения.

2. 3. Общество является юридическим лицом, организационно-правовая форма - акционерное общество, осуществляет свою деятельность на основе действующего законодательства Республики Казахстан и настоящего Устава.

2. 4. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

2. 5. Общество имеет самостоятельный баланс, печать с указанием полного наименования на государственном и русском языках, банковские счета.

2. 6. Общество имеет свой товарный знак и символику, образцы которых утверждаются Советом Директоров Общества и регистрируются в установленном законодательством порядке, а также штампы и специальные печати для удостоверения сертификационных работ, фирменные бланки и другие средства визуальной идентификации.

2. 7. Официальными языками Общества являются государственный и русский. Рабочими языками являются государственный и русский.

2. 8. Общество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации в органах Министерства юстиции Республики Казахстан.

3. Учредительные документы Общества

